



ХҒТАР 17.82.10; 17.07.61
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-321-332>

А.Ж. Шәріп

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com)

Мағжан Жұмабайұлының Гёте мен Гейнеден жасаған аудармалары

Аңдатпа. Мағжан Жұмабайұлы неміс поэзиясынан төрт өлең аударған. Оның екеуі Гётеден («Орман патшасы», «Айрылдым сенен, жан сәулем») болса, тағы екеуі – Гейнеден («Екі бетің, сұлу қыз...», «Күннің батуы»). Бұлардың ішінде Гётенің «Орман патшасы» балладасы В.Жуковский, Гейненің «Екі бетің, сұлу қыз...» өлеңі А.Фет арқылы аударылғаны мәлім. Ал Гёте мен Гейненің қалған екі өлеңін немісшеден орыс тіліне кім (немесе кімдер) тәржімелегені арнайы қарастырылған емес. Мақаланың мақсаты – Гётенің «Айрылдым сенен, жан сәулем», Гейненің «Күннің батуы» деген атаулармен мәлім өлеңдерінің Мағжан сүйенген орысша аудармаларының авторларын анықтап, олар туралы мағлұмат беру және мәтіндеріне салыстырмалы талдау жасау. Бұл үшін ХІХ жүзжылдықта және ХХ ғасырдың басында Ресейде жарық көрген газеттер мен журналдар, энциклопедиялық сөздіктер, поэзия жинақтары, сол дәуірде өмір сүрген орыс ақындарының өмірбаяндары мен олардың шығармашылық мұралары, Гёте мен Гейненің түпнұсқа әрі орыс тіліне аударылған мәтіндері және олар туралы еңбектер жан-жақты зерттелді. Мәдени-тарихи, өмірбаяндық, салыстырмалы-салғастырмалы, құрылымдық-сипаттамалық және контекстік талдау әдістерін ұштастыра қолдану арқылы деректерді сұрыптауға, мәтіндерді пайымдауға қол жеткізілді. Нәтижесінде Гётенің «An die Entfernte» атты өлеңін Ф.Миллердің «К отсутствующей» («Айрылдым сенен, жан сәулем»), Гейненің «Sonnenuntergang» атты өлеңін М.Л.Михайловтың «Закат солнца» («Күннің батуы») деп аударғаны айқындалды. Мақаланың тың нәтижелері М.Жұмабайұлының шығармашылық мұрасын зерттеуге, қазақ-неміс әдеби байланыстарын дамытуға үлес қосады.

Түйін сөздер: Мағжан Жұмабайұлы, «Айрылдым сенен, жан сәулем», «Күннің батуы», Иоганн Вольфганг фон Гёте, Генрих Гейне, Ф.Миллер, М.Л.Михайлов.

Түсті: 17.02.2025; Жөнделді: 18.05.2025; Мақұлданды: 04.06.2025; Онлайн қолжетімді: 25.06.2025

Кіріспе

Мағжан Жұмабайұлының әдеби мұрасында төл туындыларымен қатар, поэтикалық көркем аудармалары да елеулі орын алады. Бұл ретте Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы дәстүрін жалғаған ол Шығыс пен Батыстың классикалық әдебиетінен бірдей сусындады. Ж.Аймауытов Мағжанның «мүрит болып, тәлім алып, еліктеген» ақындарының қатарында Шекспир, Байрон, Фет, Бальмонт, Блок, т.б. бірге Гейне мен Гётегі де көрсеткен болатын [1, 162].

Мағжан немістің ұлы ақындары Гёте мен Гейнеден үйреніп қана қоймай, олардың өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Гётеден «Орман патшасы» [2, 166-168], «Айрылдым сенен, жан сәулем» [2, 170], Гейнеден «Екі бетің, сұлу қыз...» [2, 169], «Күннің батуы» [2, 170-172] деген тақырыптармен аударған өлеңдері белгілі. Бұлардың ішінен «Орман патшасы» балладасын В.Жуковский, «Екі бетің, сұлу қыз...» поэтикалық миниатюрасын А.Фет арқылы тәржіме еткенін ақынның өзі айқын жазған.

Г.Бельгер Гётегі «Орман патшасы» шығармасын және оның Мағжан жасаған аудармасын неміс ойшылы И.Г.Гердердің дат фольклорынан алған сюжетімен, В.Жуковскийдің, Ап.Григорьевтің, сондай-ақ Қ.Бекхожинның тәржімелерімен байланыстыра талдаған [3]. Ш.Елеуенов Мағжанның өмірі мен шығармашылығына арналған кітабында ақынның Гёте мен Гейнеден аудармалары жайында қысқаша ғана шолып өтеді [4, 319-320]. К.Бейбытова Мағжанның поэтикалық аудармадағы тәжірибесін оның романтикалық бағыттағы ізденістерімен сабақтастыра бағалайды [5, 73]. А.Бейсентай Мағжанның Гётеден аударған туындыларын сипаттай баяндап, «Айрылдым сенен, жан сәулем» өлеңіне оның қай ақынның аудармасы арқылы келгенінің әзірше беймәлім болып отырғандығын өкінішті жайт ретінде айтады [6, 42].

Расында, Мағжанның Гётеден жасалған «Айрылдым сенен, жан сәулем» және түпнұсқасы Гейнеге тиесілі «Күннің батуы» аударма өлеңдері осы күнге дейін арнайы ғылыми зерттеудің нысанына айналған емес. Сондықтан осы екі шығарманың Мағжан жүгінген нұсқаларын, олардың авторларын және жарық көрген мезгілдерін анықтап, бұған қоса немісше, орысша, қазақша мәтіндерін салыстыра талдау осы мақаланың мақсаты етіп қойылды.

Көркемаударма әдеби зерттеулер ғана емес, мәдениетаралық коммуникация саласында да зор маңыз атқарады. Қазір зерттеушілер оның танымдық, мәдениеттанушылық, тарихи, аксиологиялық, дамытушылық, реттеушілік, білімгерлік функцияларын тарқата түсіндіреді [7]. Сондықтан Мағжанның немістің классикалық поэзиясынан қазақ әдебиетінің қорына әкеліп қосқан тәржімелері ақынның шығармашылық мұрасын зерделеумен бірге, еларалық рухани байланыстарды дамытуға үлес қосатын құндылықтар боп саналатыны сөзсіз.

Зерттеу әдістері

Мақалаға мәлімет жинақтау үшін дереккөздер ретінде Гёте мен Гейненің XIX ғасырда және XX ғасырдың басында орыс тіліне аударылған шығармаларының жинақтары, Ресейде жарық көрген мерзімдік әдеби басылымдар мен альманахтардың материалдары, ескі энциклопедиялық сөздіктер мен анықтамалықтар, сол заманда жасаған белгілі орыс

ақындарының және аудармашыларының өмірбаяндары мен шығармашылық еңбектері жан-жақты қарастырылды.

Деректерді жинастыру мен іріктеу, мәтіндерді саралау мен талдау барысында әдебиеттануда және аударма теориясында қолданылатын тарихи-мәдени, өмірбаяндық, салыстырмалы-салғастырмалы, құрылымдық-сипаттамалық және контекстік талдау әдістері кешенді түрде пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижесінде осы уақытқа дейін түпнұсқасы тексерілмеген және орысша нұсқасының иесі беймәлім боп келген – Мағжанның «Айрылдым сенен, жан сәулем» тәржіме өлеңіне қатысты деректер табылды. Мәтін, мазмұн сәйкестігін саралай келгенде, оның асыл түбі Гётенің 1788 жылы отыз тоғыз жасында жазған «An die Entfernte» атты өлеңі болып шықты. Бұл өлең келесі, яғни 1789 жылы Лейпцигте Иоахим Гёшен бастырған «Гёте шығармаларының» 8-ші томында алғаш рет жарияланған [8, 117]. Оны орыс тіліне аударған – ақын, жазушы, педагог Федор Богданович Миллер (1818—1881). Орыс әдебиетінде оның балаларға арналған: «Раз, два, три, четыре, пять – вышел зайчик погулять...», - деп келетін тақпағы және сөздеріне жазылған романстар кеңінен танымал. Ұлты неміс әрі неміс тілінің мұғалімі болған Ф.Миллер Гётеден 40-тан астам өлең және үш драма аударған. Соның ішінде Мағжан мен Гётенің әлгі өлеңінің арасына дәнекер болған «К отсутствующей» атты аудармасы бірінші рет 1878 жылы ұлы неміс ақынының Санкт-Петербургте Н.В.Гербельдің редакциясымен жарық көрген жинағына енгізіліп [9, 8], 1880 жылы Ф.Миллердің өз кітабында қайта басылған [10,177]. Содан соң 1892 жылы Гёте шығармаларының П.Вейнбергтің редакциясымен әзірленген екінші басылымында орын тапқан [11,71]. Мағжан осы кітаптардың бірімен таныс болғаны анық.

Гётенің әдеби мұрасын терең зерттеген академик В.Жирмунский Миллерге былай баға береді: «Оның аудармалары дәл, бірақ тілінің бояуы біршама жұтаң және стилистикалық қарадүрсіндікке бейімдігі себепті сәл құрғақ» [12, 461]. Е.Г.Эткиндтің пікірінше, ол – «кәсіби аудармашы», бірақ бойына «нағыз поэтикалық талант» дарымаған [13, 71]. Ф.Миллердің замандастары да екі ұдай пікірде болғаны байқалады. И.С.Тургенев оның тәржімелерін сынап тастаса [14,190], Н.А.Добролюбов «көпшілік үшін тамаша поэманың немесе драманың тіпті нашар аудармасының өзі оның мүлде жоқ болғандығынан бәрбір жақсы» деп пайымдайды [15,19].

Қарастырылып отырған өлеңнің атауы түпнұсқасында, орысшасында және қазақшасында өзара үндес емес. «An die Entfernte» орыс тіліне тікелей аударғанда, «К далекой», «К отдаленной», «К той, далекой» болуы мүмкін; сондай-ақ «entfernte» сөзі мәнмәтінге қарай, ара қашықтықты білдірсе – «удаленный»; жырақ мекенді әйтпесе алыс туыстықты меңзесе – «отдаленный», «дальний»; егер аласталған, өшірілген немесе жойылған нәрсені ишараласа – «устраненный, «удаленный», т.б. деп түсіндірілуі ықтимал. Миллер өз тарапынан «К отсутствующей» деп аударған. Бір қарағанда, бұл тақырыпқа тура келмейтін секілді. Алайда «отсутствующий» («жоқ», «қатыспай отырған», т.с.с) сөзінің орыс тілінде «безразличный, пассивный, не заинтересованный происходящим, окружающим» («немқұрайды, самарқау, айналада болып жатқан нәрсеге, төңірегіндегілерге қызықпайтын») деген ауыспалы мағыналары да бар екенін ұмытпаған жөн [16, 394]. Сонда Мағжанның аударма өлеңіне «Айрылдым сенен, жан сәулем» деп

ат қоюы өзін керексінбестен, мойын бұрмай кете барған сүйіктісінің бей-жай қылығына жаны күйзелген лирикалық кейіпкердің қалпын қапысыз танытады. Айта кеткен абзал: кеңес дәуірінде Гётенің аталған өлеңін ақын Олег Чухонцев «Ушедшей» деп тәржімелеп, әдеби айналымға қосыпты. Бұл да – шығармашылық ізденістің белгісі.

Пішін тұрғысынан қарағанда, Гётенің «An die Entfernte» өлеңі үш шумақтан тұрады; әр шумақ – төрт жол. Миллер мен Мағжанда да солай. Тек түпнұсқа мен орысша аударма шалыс ұйқаспен жазылған болса, қазақ ақыны кезекті ұйқасты пайдаланған.

Түпнұсқаның алғашқы екі жолы *So hab ich wirklich dich verloren? Bist du, o Schöne, mir entflohn?* деген сұраулы сөйлемдерге құрылған. Сөзбе-сөз аудармасы: «Осылайша, мен сені шынымен жоғалттым ба? Сен, о, Әдемі, менен қашып кеткенің бе?». Бірақ бұл риторикалық сауалдар Миллерде де, Мағжанда да жоқ. Оның орнына – орысшада: «И так — с тобою я в разлуке/ И нет надежды на возврат», қазақшада – «Айрылдым сенен, жан сәулем,/Көруге енді жоқ үміт» деген констатация бар. Яғни лирикалық кейіпкер ғашығынан күдер үзгенін төтесінен айтады. Бірақ, орысшадағыдай емес, Мағжанның қос қатарына «жан сәулем» деген сөзі жан бітіріп, эмоциялық реңк дарытып, Гётенің әуезіне («Schöne» - әдемі, сұлу, көркем) жақындатып тұр. Бірінші шумақтың үшінші, төртінші жолдарына келсек, түпнұсқада «құлаққа үйреншікті әр сөз, әр дыбыс әлі жаңғырығып» жатса («Noch klingt in den gewohnten Ohren / Ein jedes Wort, ein jeder Ton»), Миллердің кейіпкері ғашығының даусын аңсайды («Но слов твоих последних звуки/ Ещё в ушах моих звучат»), ал Мағжанның қаһарманы сүйіктісінің ақырғы лебізін ұмыта алмайды («Бірақ соңғы сөздерің/Кетпейді естен боп ұмыт»). Екінші шумақтағы көрініс табиғат аясында жалғасып, шырқау көктем сайраған бозторғайды көзімен таба алмай, санасы босқа сенделген, биіктегі арманына қолы жетпеген жан – немісше «Wanderer», орысша «скиталец» (Миллер осы баламаны таңдаған; «путник» деп те аударылады), қазақ ақынында «Жапанда жалғыз жолаушы» бейнеленеді. Бұл – шебер қолданылған метафора. Өлеңнің түйінінде Гётенің сыңарын қырдан да, орманнан да іздеген лирикалық кейіпкері: «Dich rufen alle meine Lieder;/O komm, Geliebte, mir zurück!» (Сөзбе-сөз аудармасы: «Сені менің барлық өлеңдерім шақырады; О, келе гөр, сүйіктім, маған қайтадан») деп жалбарынса, Мағжан: «Қайғымен жалғыз күңіреніп,/ «Жан жарым»» деп жылаймын» деп, көңілін шер басқан, ғашығынан үмітін жоғалтқан бейбақтың хәлін суреттейді. Ал Миллер өз аудармасын: «И в песнях всё к тебе взываю: «О, возвратись, мой милый друг!» деген жолдармен аяқтайды. Гётеде «Geliebte» («Сүйіктім»), Мағжанда «Жан жарым» деп дәріптелетін әйел заты классикалық орыс поэзиясында көбіне «возлюбленная» сөзімен берілетін. Сондықтан, бір қарағанда, Миллер қолданған «мой милый друг» тіркесі ер адамға қатысты айтылатындай көрінеді. Бірақ «друг» сөзін Пушкин, Лермонтов, Жуковский, Тютчев, т.б. ақындар қыз балаға қарата сөйлегенде де жиі қолданған. Мысалы, Пушкинде: «Ты, мой друг, не бойся/Ветру зноя,/ Ты, мой друг, не бойся Слез и бед...» («К Наталье»), «Я друг вам, но порой безмерно/Я вас любил и всюду вижу вас» («Письмо Татьяне»), Лермонтовта: «И непонятного мне счастья/ Им умиление, друг мой, ты!» (««Нет, не тебя так пылко я люблю...»»), т.с.с. Сондықтан Миллер «друг» сөзін саналы түрде пайдаланған секілді.

Өйткені бұл өлең Гётенің өмірінде де, шығармашылығында да айрықша орын алған, өзара тығыз рухани жақындықта болған Шарлотта фон Штайнга арналған. Баронның әйелі, өзінен жеті жас үлкен, мәдениеті мен сауаты өте жоғары Шарлоттамен ол 1775 жылы танысып, ықыласы ауған. Жан дүниелері үйлесім тапқан. Бірақ терең достықтан әріге бармаған. Өзара жазысқан 1500-ден астам хаттары сақталған. Екеуінің қарым-

қатынасы жөнінде неміс ғалымы Ханс-Вильгельм Келлинг өзінің байсалды зерттеуінде нақты баяндаған [17, 8]. 1786 жылы Италияға ескертпестен сапарға кеткен Гётеге Шарлотта ренішін білдіріп, 1788 жылы қайтып оралған кезінде суық қабақ танытады да, байланысын үзеді. Оған қоса, бұл мезгілде Гёте болашақ жары, қарапайым жұмысшы қыз Кристина Вульпиуспен көңіл жарастырып жүрген болатын. «An die Entfernte» өлеңі ақын тағдырының осындай қысылтаяң тұсында дүниеге келген. Кейінірек Гёте мен Шарлоттаның достығы қайта жалғас тауып, өле-өлгенше үзілмейді. Атақты композитор Франц Шуберт 1822 жылы Гётенің бұл өлеңіне ән шығарып, ол Батыс музыка өнерінің классикалық туындыларының біріне айналған.

Мағжанның «Айрылдым сенен, жан сәулем» тәржімесі әуелі 1922 жылы Қазанда басылған жинағына кірген. Мұның алдында ақынның Қызылжар қаласында Гүлсім Камалова ханымға ғашық болып, ерекше шабытты кезеңді бастан кешіргені, бірақ күйеуі бар әйелге ессіз әуестіктің баянсыз аяқталғаны белгілі [4, 50-52]. Сондықтан Гётенің сөз болып отырған өлеңін Мағжан өз сезімімен үндестік көргендіктен аударған болуы ықтимал. Әрине, бұл болжам дәлелдеуді қажет етеді.

Мағжан немістің тағы бір ұлы ақыны Генрих Гейненің шығармашылығына да назар аударған.

Зерттеу барысында анықталғандай, Мағжанның «Күннің батуы» аударма өлеңіне негіз болған Гейненің «Sonnenuntergang» атты өлеңі 1825-1826 жылдар шамасында жазылып, 1827 жылы ақынның Гамбург қаласында басылып шыққан «Өлеңдер кітабы. Солтүстік теңіз, бірінші цикл» жинағына енген [18, 313–315]. Бұл өлеңді ақын, жазушы, публицист және саяси қайраткер Михаил Илларионович Михайлов (1829-1865) аударып, тұңғыш рет 1859 жылы «Русское слово» журналында «Закат солнца» деген тақырыппен жариялаған [19]. Кейіннен ол Гейненің орыс қаламгерлері аударған жырларының жинақтарына кірген [20, 190-191; 21, 179-180].

ГейнегебараржолдаМағжанныңбұлаудармашығаденқоюытегінемес.М.Михайловтың аудармашылық шеберлігіне замандастары жоғары баға берген. Мысалы, «Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігінде»: «Михайлов орыс қоғамына Гейнені ұлы ақын бізде әлі де белгісіз дерлік уақытта және оның үстіне кей кезде түпнұсқаның сұлулығы мен көркемдігіне жететіндей аудармалары арқылы таныстырды», - деп айтылған [22]. Расында да, М.Михайлов Гейненің 60 шақты өлеңін аударып, 1858 жылы Санкт-Петербургте жеке кітап етіп бастырған [23]. Осы басылым туралы Н.А.Добролюбов: «Тіпті Гейнені оқымаған адамның өзі Михайлов мырзаның кітапшасынан бұл ақын туралы жеткілікті дәрежеде толық және дұрыс түсінік ала алады» [24, 65], - десе, П.И.Вейнберг Михайловтың басқа аудармашыларға қарағанда көш ілгері тұрғандығын және өзінің сүйікті ақынын егжей-тегжейлі зерттеп, саналы түрде таңдаудың нәтижесінде түпнұсқаның кереметтігін жеткізе білгендігін сөз етеді [25, 14].

М.Михайловтың нағашы жұрты – Ұлық Ұлыстың (Алтын Орданың) соңғы билеушісі, Ноғай Ордасының негізін қалаушы Едігенің әулеті. Неге екені белгісіз, орыс дереккөздерінде оның анасы Ольга Васильевна Орақова «киргизская княжня» (яғни «қазақ ханшайымы», өйткені ол заманда қазақты «қырғыз» атаған) деп көрсетіледі [22]. Патша билігіне мойынсұнбаған М.Михайлов «Жас ұрпаққа хат» прокламациясы үшін Сібірге жер аударылып, сол жақта ауыр сырқаттан қайтыс болған. Империялық жүйені сынаған, өзі де абақты азабын тартқан, «Мен жастарға сенемін» атты өлең жазған Алаш ақыны оның тағдырына бей-жай қарамаған тәрізді.

М.Михайлов «Современник» журналының бетінде Ресейдегі әйелдер эмансипациясы мәселесін тұңғыш болып көтерген [12, 462]. Бұл да Мағжан шығармашылығына жақын тақырыптардың бірі екендігі белгілі.

Гейне өлеңінің лейтмотивінде арғы төркіні грек мифологиясына кететін Күн, Ай, жұлдыздар туралы астралдық (солярлық және лунарлық) миф жаңғырып, ерлі-зайыптылар жұбының күрделі қарым-қатынасы соның аясында ашылады. Жұлдыздарды, яғни күнәсіз балаларын жетім қалдырған Күн мен қосағынан үмітін үзбей, күйзеліске түскен Айдың шарасыз жағдайы суреттеледі. Неміс ақынында, соған сәйкес Михайловта да Ай мен Күн араздықтан бірін-бірі көрмей кеткен Әйел-Құдай мен Ер-Құдай бейнелерінде (Luna, die Göttin, und Sol, der Gott/ Луна-богиня и Солнце-бог) көрінсе, Мағжан бұл мифтік өрнекті алып тастап, шығарма желісін қазақ ұғымына бейімдейді. Көк жүзіндегі табиғи коллизияны жер бетіндегі адамзат тіршілігіне көшіріп, күйеуі кетіп қалған әйелді батып бара жатқан Күнді тоқтата алмаған Аймен салғастырады. Екі араны айырған нәрсе – «өтірік, өсек» деп, Абай айрықша мән берген сөздерді қолданады.

Гейне өз өлеңін верлибр түрінде, яғни ұйқассыз, буын саны еркін, әр қатарының ырғағы біркелкі емес пішінде жазған. Михайлов аударма жасағанда сол тәсілді сақтаған. Ал Мағжан кезекті ұйқасты пайдаланып, төрт жолының әрбірі 7-8 буыннан құралған он төрт шумақтан тұратын тәржімесінде аз сөзге көп мағына сыйғызуға тырысқан.

Гейненің жалпы «Солтүстік теңіз» жыр шоғырындағы секілді, бұл өлеңінде де теңіз стихиясы басым (Түпнұсқада: «...weitaufschauender, Silbergraue Weltmeer»; Михайловта: «...волнами шумящее, серебром окаймлённое море»). Мағжан оны «толқынданған дария» деген жалғыз тіркеспен береді. Оның аудармасының көркемдік кестесінде Абайдың өнегесі, дәлірек айтқанда, «Көлеңке басын ұзартып...», «Күнді уақыт итеріп» өлеңдерінің пейзаждық көріністерінің ықпалы байқалады. Мағжанның «жұқа, ақшыл бұлттары» батып бара жатқан Күнді «құрмет қып, ұзатады». Бұл түпнұсқада да, орысша аудармада да жоқ сурет. Қазақ ақыны ымыртты шақты бейнелегенде, «қызарып оттай күн батар», «жұлдыздар ұсақ ұшқындай» деп түпнұсқадан ауытқымайды, бірақ Гейне секілді «күзгі» деген сөзді қолданбай-ақ, «қара бұлт», «тұманды көк» тіркестері арқылы жыл мезгілін тұспалмен танытады.

1-Кесте. «Күннің батуы» өлеңінің түпнұсқасы мен аудармаларын салыстыру

Мәтінді талқылау нәтижелері	Г.Гейне (55 жол)	М.Михайлов (64 жол)	М.Жұмабайұлы (56 жол)
Шеберлікпен қазақыландыру мысалдары	«Luftgebilde, rosig angehaucht, Wallen ihr nach»	«Воздушные тучки, прозрачны и алы, Несутся за ним»	«Жұқа, ақшыл бұлттар Құрмет қып, оны ұзатар»
	«Einst»	«Некогда»	«Баяғы ерте заманда»
	«am Himmel glänzten, Ehlich vereint»	«в небе сияли, в брачном союзе»	«Толықсып тұрған шақ болған, Нұрлары балқып екеуі, Қосылысқан бір мезгіл»
	«Doch böse Zungen zischelten»	«Но злым языком клевета зашипела»	«Өтірік, өсек жайылған»
	«Jetzt am Tage, in einsamer Pracht, Ergeht sich dort oben der Sonnengott, Ob seiner Herrlichkeit»	«И нынче днём в одиноком величии Ходит по небу солнце, За гордый свой блеск»	«Осы күнде тәкаппар Күн көкте жалғыз жайнайды, Сәулесіне алтын мәз болып»

	«Aber des Nachts Am Himmel wandelt Luna, Die arme Mutter Mit ihren verwaisten Sternenkindern»	«А ночью По небу бродит луна, Бедная мать, Со своими сиротками- звёздами,	«Түн болса, аппақ қайғылы, Қорқып қана Ай туар. «Апалап» ерген артында Балалары – жетім жұлдыздар»
	«Weiblich gesinnt»	«Женским незлобивым сердцем»	«Айнымас әйел көңілмен»
	«fluthenkaltes Wittwerbett»	«Влажно-холодное ложе»	«Тұл төсек»
Пайдаланылмаған бейнелер	«Luna, die Göttin, und Sol, der Gott»	«Луна-богиня и Солнце- бог»	-
	«und sanfte Dichter»	«И кроткой душою поэты»	-
Аударылмай қалған жолдар	«Und die armen Götter, oben am Himmel Wandeln sie, qualvoll, Trostlos unendliche Bahnen, Und können nicht sterben, Und schleppen mit sich Ihr strahlendes Elend. Ich aber, der Mensch, Der niedriggepflanzte, der Tod- beglückte, Ich klage nicht länger».	«И бедные боги Грустно проходят по небу Свой путь безутешный И бесконечный, И смерти им нет, и влачат они вечно Свое лучезарное горе. Так мне ль — человеку, Низко поставленному, Смертью одарённому, — Мне ли роптать на судьбу?»	-
			-
			-
			-
			-
			-
			-
			-
			-
			-
Аудармашының өз тарапынан қосқан ой түйіні		-	«Күн мен де Айды айырған, Не қылмас дейсің бұл өсек!»

Қорытынды

Орыс әдебиетіне қатысты деректер мен мәтіндерді зерттеудің нәтижесінде Гётенің *An die Entfernte* өлеңін Ф.Б.Миллердің – «К отсутствующей», Гейнениң *Sonnenuntergang* өлеңін М.Л.Михайловтың «Закат солнца» деп аударғаны дәлелденді. Олар Мағжан Жұмабайұлының «Айрылдым сенен, жан сәулем» және «Күннің батуы» аударма өлеңдеріне негіз болған.

Зерттеу барысында Мағжан Жұмабайұлының Гёте мен Гейне шығармаларының орыс тіліне аударылған басылымдарымен, сондай-ақ XIX ғасыр және XX ғасыр басындағы Ресейде жарық көрген әдеби журналдармен (мысалы, «Русское слово», «Библиотека для чтения, т.б.), поэтикалық антологиялармен жақсы таныс болғандығы туралы қорытынды жасалды. Аудармашылар Ф.Миллер мен М.Михайлов жөнінде мәліметтер жинақталып, өмірбаяндары мен қаламгерлік қызметтері сараптан өткізілді және Мағжанның олар тәржімелеген өлеңдерді таңдап алу себептері жөнінде тұжырымдар берілді.

Гёте шығармаларын зерттеген британиялық ғалым Мэтью Белл оның ағылшын тіліне әр түрлі авторлар жасаған аудармаларының ерекшеліктері туралы жаза отырып, осы орайда: «Поэтикалық тіл мен мәнердің кейде нәзік, кейде өткір болып келетін контурлары бәрінен маңыздырақ», - дейді [26, 118]. Осы ретте немісше, орысша және қазақша мәтіндерге салыстырмалы-салғастырмалы және контекстік талдау жасалып, өлеңдердің жазылу тарихы, тақырыптық арқауы, жанрлық сипаты, композициялық құрылымы, көркемдік-бейнелік ерекшеліктері, лирикалық кейіпкер болмысы туралы пікірлер ұсынылды. Қазақ ақынының аудармашы ретіндегі шеберлігі түпнұсқаны өзі

өмір сүріп отырған қоғамдық ахуалмен және жеке өмір тәжірибесімен, сондай-ақ ұлттық ұғымдармен көркемдік тұрғыдан байланыстыра білгендігінен көрінетіндігі пайымдалды.

Мақаланың нәтижелері Мағжан Жұмабайұлы туралы зерттеулерге тың мәліметтер қосып, ақынның шығармашылық лабораториясына тереңірек үңілуге, оның поэзиясына Гёте мен Гейне тарапынан болған әсерді одан әрі байыптауға септігін тигізеді деген ойдамыз.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы//Кітапта: Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.6. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Б. 155-186.
2. Жұмабайұлы М. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. 2-том. / Құрастырып, баспаға дайындағандар: К.Матыжанов, Т.Әкімова, Ж.Рақыш, Н.Сәрсек. – Астана: Түркі академиясы, 2023. – 568 б.
3. Бельгер Г. «Орман патшасына» ой жүгірткенде...//Кітапта: Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. Жинақты түзген К.Юсуп. – Астана: Фолиант, 2011. - Б.271-284.
4. Елеукенов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
5. Бейбытова К. Жумабаев и русский символизм// Нива. - 1998. - № 3. - С. 71-75. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1174330&simple=true> (дата обращения: 10.02.2025)
6. Бейсентай А. Мағжанның поэзиялық аудармалары//Е.Бөкетов атындағы Қарағанда мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. - №4 (64). – Б.39-45.
7. Ли Лунь. Роль и функции художественного перевода в XXI веке// Вестник Полоцкого государственного университета. Серия А. Гуманитарные науки. Литературоведение. – 2020. – №2. – С.58-62. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-i-funktsii-hudozhestvennogo-perevoda-v-xxi-veke> (дата обращения: 10.02.2025)
8. Goethe, Johann Wolfgang von: Goethe's Schriften. 8. – Leipzig: Göschen 1789. – 342 s.
9. Собрание сочинений Гете в переводах русских писателей, изданных под редакцией Ник. Вас. Гербеля. Том 1. Лирические стихотворения и поэмы. – Санкт-Петербург: Типография М. Стасюлевича, 1878. – 424 с.
10. Стихотворения Ф.Б.Миллера. Том 6. Издание второе. – Москва: Типография Ф.Б. Миллера, 1880. – 318 с.
11. Собрание сочинений Гете в переводе русских писателей. 2-е изд. под ред. Петра Вейнберга. Том 1. – Санкт-Петербург, 1892. – 377 с.
12. Жирмунский В. Гете в русской литературе. – Ленинград: Гослитиздат, 1937. – 674 с.
13. Эткинд Е.Г. Поэтический перевод в истории русской литературы// Мастера русского стихотворного перевода: В 2 кн. – Ленинград: Советский писатель, 1968. – Кн. 1. – С.5-72.
14. Тургенев И. С. Полное собрание сочинений и писем: В 30 т. – Москва: Наука, 1978. – Т. 1. Стихотворения, поэмы, статьи и рецензии, прозаические наброски, 1834-1849. – 574 с.
15. Добролюбов А. Н. Шиллер в переводе русских писателей, т. IV // Добролюбов Н. А. Собрание сочинений: в 9 т. – Москва, Ленинград: Гос. изд. худож. лит., 1962. – Т. 3: Статьи и рецензии. Июнь-декабрь 1858. – С. 192-193.
16. Ожегов С. Толковый словарь русского языка. – Москва: ООО «Издательство ОНИКС», ООО «Издательство «Мир и образование», 2011. – 736 с.

-
17. Kelling, Hans-Wilhelm, «Eine berühmte menschliche Beziehung: Charlotte von Stein und Johann Wolfgang von Goethe» (2018). Resources. 11. [Электрон. ресурс]. – URL: https://scholarsarchive.byu.edu/sophsupp_resources/11 Дата обращения 10.02.2025).
18. Heinrich Heine. Abenddämmerung. Buch der Lieder, Die Nordsee, Erster Zyklus. Hamburg: Hoffmann und Campe, 1827. – 372 s.
19. Михайлов М.Л. Северное море (Из «Путевых картин» Гейне)//Русское слово. – 1859. – № 11. – отд. I. – С. 110-112.
20. Гейне Г. Книга песен в переводе русских писателей. Под редакцией П.В. Быкова. Иллюстрации Поля Тумана. - Санкт-Петербург: Книгоиздательство Герман Гоппе, 1893. – 208 с.
21. Гейне Генрих (1797-1856). Книга песен: в переводе русских писателей / под ред. П. В. Быкова; ил. Поля Тумана. – Изд. 2-е, значительно измененное, 1-е иллюстрированное изд. – Санкт-Петербург: Герман Гоппе, 1897. – 199 с.
22. Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1896. — Т. XIXа. — С. 497-498.
23. Песни Гейне в переводе М. Л. Михайлова. — Санкт-Петербург: Типография Якова Третья, 1858. — 144 с.
24. Добролюбов Н.А. Песни Гейне в переводе М. Л. Михайлова, СПб. 1858// Современник. – 1858. – том LXIX. – № 5. – С. 63-65.
25. Вейнберг П.И. Песни Гейне в переводе М. Л. Михайлова. СПб. 1858// Библиотека для чтения. – 1858. – т. CL. – № 7. – С. 11-17.
26. Bell M. Johann Wolfgang von Goethe: Faust. A Tragedy in Two Parts, with the unpublished scenarios for the Walpurgisnacht and the Urfaust. Translated with an introduction and notes by John R. Williams. Pp. 496. Ware: Wordsworth Editions, 2007// Translation and Literature. – 2011. - Volume 20, Issue 1. – P. 117-121. <https://doi.org/10.3366/tal.2011.0011>

A.Zh. Sharip

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Magzhan Zhumabayuly's Translations of Goethe and Heine

Abstract. M. Zhumabayuly translated four poems from German poetry. The poems *Orman Patshasy (Erlkönig)* and *Aiyrlydym Senen, Zhan Saulem (An die Entfernte)* by Goethe, and *Yeki Betin, Sulu Kyz (Es liegt der heiße)* and *Kunnin Batuy (Sonnenuntergang)* written by Heine. This article aims to establish the names of the Russian translators whose versions of the German classics' poems were used by Magzhan Zhumabayuly, as well as to analyze the corresponding texts. The research involved examining periodicals published in Russia in the 19th and early 20th centuries, encyclopedic dictionaries, poetic anthologies, biographies, and the literary heritage of Russian poets of that era, along with original and Russian-translated texts of Goethe and Heine, as well as critical works dedicated to these authors. The use of cultural-historical, biographical, comparative, structural-descriptive, and contextual methods ensured data verification and the interpretation of the poems. It was established that Goethe's poem *An die Entfernte* was translated into Russian by F. Miller under the title *K Otsutstvuyushchei (Aiyrlydym Senen, Zhan Saulem)*, and Heine's poem *Sonnenuntergang* was translated by M.L. Mikhailov under the title *Zakat Solnsta Kunnin Batuy*). The results contribute to the study of Magzhan Zhumabayuly's literary heritage and promote the development of Kazakh-German literary relations.

Keywords: Magzhan Zhumabayuly, Johann Wolfgang von Goethe, «An die Entfernte», Heinrich Heine, «Sonnenuntergang», F. Miller, M.L. Mikhailov.

А.Ж. Шарип

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Гёте и Гейне в переводах Магжана Жумабайулы

Аннотация. Магжан Жумабайулы перевёл четыре стихотворения из немецкой поэзии. Два из них принадлежат Гёте («Орман патшасы», «Айрылдым сенен, жан сәулем»), а два других – Гейне («Екі бетің, сұлу қыз..», «Күннің батуы»). Известно, что балладу Гёте «Лесной царь» перевел В.Жуковский, а стихотворение Гейне «Твои пылают печки..» – А.Фет. Однако авторство русских переводов оставшихся двух стихотворений Гёте и Гейне до сих пор не было предметом специального исследования. Целью данной статьи является установление имен русских переводчиков, чьи версии стихотворений немецких классиков были использованы Магжаном Жумабайулы, а также анализ соответствующих текстов. В рамках исследования были изучены периодические издания, выходившие в России в XIX и начале XX вв., энциклопедические словари, поэтические антологии, биографии и творческое наследие русских поэтов той эпохи, а также оригинальные и переведённые на русский язык тексты Гёте и Гейне и критические работы, посвящённые этим авторам. Использование культурно-исторического, биографического, сравнительно-сопоставительного, структурно-описательного и контекстуального методов позволило обеспечить верификацию данных и интерпретацию стихотворений. В результате исследования было установлено, что стихотворение Гёте «An die Entfernte» было переведено на русский язык Ф.Миллером под названием «К отсутствующей» («Айрылдым сенен, жан сәулем»), а стихотворение Гейне «Sonnenuntergang» – М. Л. Михайловым под заглавием «Закат солнца» («Күннің батуы»). Полученные результаты вносят вклад в изучение творческого наследия Магжана Жумабайулы и способствуют развитию казахско-немецких литературных связей.

Ключевые слова: Магжан Жумабайулы, Иоганн Вольфганг фон Гёте, Генрих Гейне, Ф. Миллер, «К отсутствующей», М.Л. Михайлов, «Закат солнца».

References

1. Aimaulytov Zh. Magzhannyn akyndygy [Magzhan's Poetry]. In: Aimaulytov Zh. Six-Volume Collected Works. Vol. 6. (El-shezhire, Almaty, 2013, 155-186 pp.) [in Kazakh]
2. Zhumabaiuly M. Shygharmalarynyn akademialyk tolyk zhinagy [Complete Academic Collection of Works]. Three Volumes. Volume 2. Compiled and prepared for publication by K. Matyzhanov, T. Akimova, Zh. Rakysh, N. Sarsek (Turki akademiiasy, Astana, 2023, 568 p.) [in Kazakh]
3. Belger G. «Orman patshasy» oi zhugirtkende... [Reflecting on «The Forest King»...]. In: Literary Translation: Experience and Lessons. Compiled by K. Yusup (Foliant, Astana, 2011, 271-284 pp.) [in Kazakh]
4. Eleukenov Sh. Magzhan [Magzhan]. His Life and Works (Sanat, Almaty, 1995, 384 p.) [in Kazakh]

-
5. Beibutova K. Zhumabaev i russkii simvolizm [Zhumabayev and Russian Symbolism] Niva, №3, 71-75 (1998) [Electronic resource]. – URL: <https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1174330&simple=true> (accessed date: 10.02.2025) [in Russian]
 6. Beisentai A. Magzhannyn poezialyk audarmalary [Magzhan's Poetic Translations]. Bulletin of the Karaganda State University named after E. Buketov. Philology Series, № 4 (64), 39-45 (2011) [in Kazakh]
 7. Li Lun'. Rol' i funktsii khudozhestvennogo perevoda v XXI veke [The Role and Functions of Literary Translation in the 21st Century] Bulletin of Polotsk State University. Series A. Humanities. Literary Studies, №2, 58-62 (2020) [Electronic resource]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-i-funktsii-hudozhestvennogo-perevoda-v-xxi-veke> (accessed date: 10.02.2025) [in Russian]
 8. Goethe, Johann Wolfgang von: Goethe's Schriften. 8. [Goethe's Writings. Vol. 8] (Göschen, Leipzig, 1789, 342 p.) [in German]
 9. Sobranie sochinenii Gete v perevodakh russkikh pisatelei, izdannyykh pod redaktsiei Nik. Vas. Gerbelia. Tom 1. Liricheskie stikhotvoreniia i poemy [Collection of Goethe's Works in Translations by Russian Writers, Edited by Nik. Vas. Gerbel. Volume 1] Lyric Poems and Epics] (M. Stasiulevich Printing House, Saint Petersburg, 1878, 424 p.) [in Russian]
 10. Stikhotvoreniia F.B. Millera [Poems by F.B. Miller] Volume 6. Second Edition (F.B. Miller Printing House, Moscow, 1880, 318 p.) [in Russian]
 11. Sobranie sochinenii Gete v perevode russkikh pisatelei. 2-e izd. pod red. Petra Veinberga. Tom 1 [Collection of Goethe's Works in Translation by Russian Writers. 2nd Edition, Edited by Petr Weinberg. Volume 1] (Saint Petersburg, 1892, 377 p.) [in Russian]
 12. Zhirmunskii V. Gete v russkoi literature [Goethe in Russian Literature] (Goslitizdat, Leningrad, 1937, 674 p.) [in Russian]
 13. Etkind E.G. Poeticheskii perevod v istorii russkoi literatury [Poetic Translation in the History of Russian Literature], Masters of Russian Verse Translation: In 2 Books, Book 1 (Sovetskii pisatel, Leningrad, 1968, 5-72 pp.) [in Russian]
 14. Turgenev I. S. Polnoe sobranie sochinenii i pisem: V 30 t. [Complete Works and Letters: In 30 Volumes]. Vol. 1. Poems, Epics, Articles and Reviews, Prose Sketches, 1834-1849 (Nauka, Moscow, 1978, 574 p.) [in Russian]
 15. Dobroliubov A. N. Shiller v perevode russkikh pisatelei, t. IV [Schiller in Translations by Russian Writers, Vol. IV] Collected Works: In 9 Volumes, Vol. 3: Articles and Reviews. June-December 1858 (State Publishing House of Fiction, Moscow, Leningrad, 1962, 192-193 p.) [in Russian]
 16. Ozhegov S. Tolkovyi slovar' russkogo iazyka [Explanatory Dictionary of the Russian Language] (ONIKS Publishing House, Mir i Obrazovanie Publishing House, Moscow, 2011, 736 p.) [in Russian]
 17. Kelling, Hans-Wilhelm, «Eine berühmte menschliche Beziehung: Charlotte von Stein und Johann Wolfgang von Goethe» [«A Famous Human Relationship: Charlotte von Stein and Johann Wolfgang von Goethe»] Resources. 11 (2018). [Electronic resource]. – URL: https://scholarsarchive.byu.edu/sophsupp_resources/11 (accessed date: 10.02.2025) [in German]
 18. Heinrich Heine. Abenddämmerung. Buch der Lieder, Die Nordsee, Erster Zyklus [Dusk. Book of Songs, The North Sea, First Cycle] (Hoffmann und Campe, Hamburg, 1827, 372 p.) [in German]
 19. Mikhailov M.L. Severnoe more (Iz «Putevykh kartin» Geine. otd. I.) [The North Sea (From «Travel Pictures» by Heine. Part I.)] Russkoe slovo, №11, 110-112, (1859) [in Russian]

-
20. Geine G. *Kniga pesen v perevode russkikh pisatelei. Pod redaktsiei P.V. Bykova. Illiustratsii Polia Tumana* [Book of Songs in Translations by Russian Writers. Edited by P.V. Bykov. Illustrations by Polya Tumana] (German Goppe Publishing House, Saint Petersburg, 1893, 208 p.) [in Russian]
21. Geine Genrikh (1797-1856). *Kniga pesen: v perevode russkikh pisatelei / pod red. P. V. Bykova; il. Polia Tumana. – Izd. 2-e, znachitel'no izmenennoe, 1-e illiustrirovannoe izd* [Book of Songs: in Translations by Russian Writers], Edited by P.V. Bykov; Illustrated by Polya Tumana, 2nd Edition, Significantly Revised, 1st Illustrated Edition (German Goppe, Saint Petersburg, 1897, 199 p.) [in Russian]
22. *Entsiklopedicheskii slovar' Brokgauza i Efrona: v 86 t. (82 t. i 4 dop.)* [Encyclopedic Dictionary of Brockhaus and Efron: in 86 Volumes (82 Volumes and 4 Supplements)] Vol. XIXa (Saint Petersburg, 1896, 497-498 p.) [in Russian]
23. *Pesni Geine v perevode M. L. Mikhailova* [Songs of Heine in Translation by M.L. Mikhailov] (Jacob Treia Printing House, Saint Petersburg, 1858, 144 p.) [in Russian]
24. Dobroliubov N.A. *Pesni Geine v perevode M. L. Mikhailova*, SPb. 1858 [Songs of Heine in Translation by M.L. Mikhailov, Saint Petersburg, 1858] *Sovremennik*, №5, Volume LXIX, 63-65 (1858) [in Russian]
25. Veinberg P.I. *Pesni Geine v perevode M. L. Mikhailova*. SPb. 1858 [Songs of Heine in Translation by M.L. Mikhailov, St. Petersburg, 1858] *Biblioteka dlia chteniia*, №7, Vol. CL, 11-17 (1858) [in Russian]
26. Bell M. *Johann Wolfgang von Goethe: Faust. A Tragedy in Two Parts, with the unpublished scenarios for the Walpurgisnacht and the Urfaust. Translated with an introduction and notes by John R. Williams*. Pp. 496. Ware: Wordsworth Editions, 2007. Translation and Literature, Volume 20, Issue 1, 117-121 (2011): <https://doi.org/10.3366/tal.2011.0011>

Автор туралы мәлімет:

Шәріп Амантай Жарылқасынұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com, ORCID: 0000-0001-6704-2246.

Шарип Амантай Жарылқасынұлы – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com, ORCID: 0000-0001-6704-2246.

Sharip Amantay Zharylkasynuly – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: sharipamantay_sh@gmail.com, ORCID: 0000-0001-6704-2246.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).